



**БАРМЫСЫҢ, БАБА ЖҰРТ!» ДАЛАЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ:
ҚАРАҚАЛПАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МҰРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Көшімова Б.Ә,

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан*

E-mail: bibatpa.koshimova@yu.edu.kz

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті жүзеге асырып отырған «BR24993043 Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» атты нысаналы бағдарламалық жоба жоспарына сәйкес, жоба орындаушыларынан құралған зерттеу тобы 2026 жылдың 2-10 мамыр аралығында Қарақалпақстан мен Өзбекстан аумағында ұйымдастырылған «Бармысың, баба жұрт!» атты далалық экспедицияға қатысып қайтты. Экспедицияның негізгі мақсаты – аталған өңірлердегі тарихи-этнографиялық, этномәдени және топонимиялық деректерді жинақтау, көне түркілік атаулардың тарихи сабақтастығын анықтау және өңірдегі рухани-мәдени мұра үлгілерін ғылыми тұрғыдан зерделеу болды.

Экспедицияның алғашқы күнін Қарақалпақстан өңірінен бастадық. Экспедицияның алғашқы күні Нүкіс қаласының маңында орналасқан, өңірдегі ең көне әрі қасиетті тарихи орындардың бірі – *Мездахан кешеніне* арналды.

Мездахан (Миздахкан) – бірнеше ғасырларды қамтитын ірі археологиялық әрі діни кешен. Мұнда ежелгі қала қалдықтары, мазарлар мен кесенелер, үлкен қорым орналасқан екен.

Кешеннің тарихы б.з.д. IV ғасырдан басталып, орта ғасырларға дейін жалғасқан.

Негізгі нысандарының бірі – *Мазлумхан Сұлу кесенесі*. Жергілікті халық арасында *Нәзілімхан сұлу* нұсқасы да кездеседі екен. Бұл – Мездахан аумағындағы ең көрікті әрі ерекше сәулет ескерткіштерінің бірі. Кесене шамамен XII-XIV ғасырларға жатады. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған, ішкі құрылымы күрделі, бірнеше бөлмеден тұрады, күмбезді архитектурасы Орта Азияға тән.

Мазлумхан сұлу туралы халық арасында аңыздар да сақталған: аса сұлу, текті әулеттен шыққан қыз болған, қайғылы махаббат немесе ерте қаза туралы әңгімелер айтылады. Есімі «Мазлум» – жәбір көрген ұғымымен байланыстырылады.



Экспедициямыз келесі нысан – *Ишан-қаламен* жалғасты. Ежелгі қаланың орнында қорған қабырғаларының іздері, мұнара қалдықтары, тұрғын және шаруашылық құрылыстардың орындары сақталған

Бұл қала кезінде аймақтағы сауда жолдары мен көшпелі мәдениетпен тығыз байланыста болған.



Экспедициямыздың екінші күні Қарақалпақстан өңіріндегі көрнекті тарихи нысандар – *Шылпық, Аяз-қала, Гuldирсин-қала, Қызыл-қала, Топырақ қала* қалашықтарына арналды.

Шылпық – Қарақалпақстан аумағындағы ең ерекше тарихи-археологиялық ескерткіштердің бірі. Ол Нүкіс қаласынан шамамен 40-50 км жерде орналасқан. Шылпық – төбенің үстіне салынған дөңгелек құрылыс. Сыртынан қарағанда үлкен қамал немесе мұнара тәрізді көрінеді. Биіктігі шамамен 15-20 метр. Диаметрі 60-70 метрге жуық. Қалың қорған қабырғалары сақталған. Ішкі бөлігі – ашық алаң. Шылпықтың пайда болу уақыты, шамамен, б.з.д. I мыңжылдықтың соңы – б.з. алғашқы ғасырларды қамтиды. Бұл оны аймақтағы ең көне ескерткіштердің қатарына қосады. Ғалымдардың көпшілігі Шылпықты: зороастризм дәуіріндегі «дахма» (өлік қою орны) деп есептейді.

Аяз-қала – Нүкіс қаласынан шамамен 100 км қашықтықта, Қызылқұм шөлінің шетінде орналасқан. Аяз-қала – бір ғана қала емес, ол Аяз-қала I; Аяз-қала II, Аяз-қала III деп аталатын үш бөлек бекіністерден тұрады. Қалашық биік төбенің үстіне салынған, қалың қамал қабырғалары мен мұнаралары бар, ішінде



тұрғын үйлер мен қоймалар болған, қорғанысқа өте ыңғайлы стратегиялық жерде орналасқан.

Қызыл-қала – көне бекініс-қалашықтардың бірі. Ол Нүкіс маңындағы ежелгі Хорезм ескерткіштері жүйесіне кіреді. Құрылысқа қолданылған қызыл түсті күйдірілген кірпішке байланысты Қызыл қала аталған. Бекініс қала қалың дуалдармен қоршалған, бұрыштарында және қабырғалар бойында күзет мұнаралары болған. Ішкі бөлігінде тұрғын және шаруашылық құрылыстар орналасқан. Биік жерде салынып, айналаны бақылауға мүмкіндік берген.

Гулдирсин-қала – үлкен аумақты алып жатқан қамал-қала (қалашық). Бүгінде ұзын әрі қалың қорған қабырғалары, көптеген мұнаралардың қалдықтары, ішкі құрылыс іздері жақсы сақталған.

Халық арасында бұл қала туралы аңыздар кездеседі. Кейбірінде қала жау шапқыншылығынан кейін қаңырап қалғаны айтылса, басқа нұсқаларда ішкі сатқындық немесе су көздерінің жоғалуы себеп болған делінеді.

Бұл нысандар – ежелгі Хорезм өркениетінің айшықты мұралары.



«Бармысың, баба жұрт!» далалық экспедициямыз одан әрі Өзбекстанның Үргеніш қаласында жалғасты. *Үргеніш* – Өзбекстанның батыс бөлігінде орналасқан көне әрі маңызды қалалардың бірі. Ол Хорезм облысының әкімшілік орталығы болып табылады. Бұл қала ежелгі Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, ғасырлар бойы сауда мен мәдениеттің дамуына үлкен ықпал еткен.



Қала маңында орналасқан көне Хиуа қаласы әлемге әйгілі тарихи ескерткіштерімен белгілі. Сондықтан Үргеніш тек экономикалық орталық қана емес, сонымен қатар туристер жиі келетін мәдени аймақ болып есептеледі.

Үргеніш қаласына келе, бірден Хиуа қаласына жол тарттық. Хиуаға барған адам өткен заманның тынысын сезінгендей болады екен. Қаланың көне көшелері, биік қамалдары мен көгілдір күмбездері тарихтың терең сырын баяндайды. Хиуаның тарихы шамамен 2500 жылдан асады.

Хиуаның ең басты ерекшелігі – оның тарихи келбеті бүгінгі күнге дейін жақсы сақталғанында. Әсіресе *Ичан-Қала* (ішкі қамал) деп аталатын ішкі қаласы туристерді ерекше әсерге бөлейді. Бұл жер биік дуалдармен қоршалған және ішінде көптеген медреселер, мешіттер мен сарайлар орналасқан. «Ичан қала» аумағында 54 тарихи-сәулет ескерткіші бар. Олардың 31-і туристік маршрут бойында орналасқан, ал 14-інде ашық музейлік экспозициялар ұйымдастырылған. 1990 жылы Ичан-Қала ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген.

Қаланың тағы бір символы – *Kalta Minor* мұнарасы. Бұл мұнара қаланың ең танымал тарихи ескерткіштерінің бірі болып саналады.

Хиуа қаласының біз үшін ең маңыздысы – Бекет ата 7 жыл бойы білім алған, әйгілі *Шерғазы хан медресесінде* болдық. Бекет ата тек дін ілімін емес, астрономия, математика және медицинаны да терең меңгерген. Бұл медреседе атаға арналған тұрақты көрме жасақталған.

Сонымен қатар Ичан қаладағы «Бас әулие» деп аталатын қасиетті орынға басы жерленген Құлбарақ атаға зиярат еттік.

Осылайша тарих пен мәдениеттің тоғысқан мекені Хиуа қаласының Маңғыстаумен рухани байланысып жатқандығының куәсі болдық. Хиуа әрбір адам көріп, танысуы тиіс ерекше қалалардың бірі деп есептейміз.



Экспедициямыз әрі қарай Бұқара қаласында жалғасты. Бұқара – Орталық Азиядағы ең көне әрі тарихи қалалардың бірі. Ол Өзбекстанның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Бұқара ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолының маңызды мәдени, ғылыми және сауда орталығы болған. Мұнда 140-қа жуық архитектуралық ескерткіш бар екен. Қаланың тарихы 2500 жылдан асады. Ежелгі замандардан бері Бұқара ғылым мен білімнің ордасы ретінде танылған. Қаланың біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы мыңжылдықта «Нумижкат» деген атауы болған. Бұхара атауы араб елдерінде және Қытайда сақталған жазба деректерде V ғасырдан бастап атала бастайды.

Бұқара қаласы ислам дінінің келуімен Орта Азиядағы мұсылмандардың діни орталығына айналған. Бұқарада үлкенді-кішілі 100-ден аса медреселер болған деседі. Бұған дәлел мұндағы «Әбдуләзиз хан», «Мір-араб», «Ұлықбек», «Көгілташ», «Қош», «Әмір-Әлімхан» т.б. медреселерде Орта Азияның әр бұрышынан, соның ішінде Қазақстаннан білім іздеп, білім алған шәкірттер көп болған. Осы медреселердің ішінде бізге белгілісі – *«Көгілташ» медресесі*. Медресе XVI ғасырда салынған. Көлемі өте үлкен, екі қабатты, биік ғимарат.



Мұнда қазақтың әулие-әмбиелері білім алған. Бұқар жырау, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлы т.б. «Көгілташ» медресесінде оқыған. Медресеге Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: «Көкілташта сытқамыт қылған адам не бай болып, не әулие болып, не молда болып шығады, құр алақан шықпайды», – деп баға берген екен.



Экспедициямыз Бұқара қаласынан Самарқандқа қарай жалғасты. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан маңызды тарихи-гидротехникалық ескерткіштердің бірі – көне «*Сардоба Малик*» су қоймасына арнайы тоқтадық. Бұл ортағасырлық сәулет туындысы сол дәуірдегі инженерлік өнердің жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, керуен жолындағы жолаушылар үшін маңызды су көзі қызметін атқарған.

Бұл жай құдық емес, орта ғасырларда шөлейт аймақта керуендерге арнап салынған алып су сақтау жүйесі екен. «*Сардоба*» сөзі парсы тілінен «салқын су» деген мағына береді. Су қоймасы XI-XIII ғасырларда салынған деп есептеледі, тереңдігі шамамен 13 метр, үстін үлкен күмбез жапқан. Сондықтан су жаздың аптабында да салқын сақталған. Су Зарафшан өзенінен жерасты арналары арқылы жеткізілген деген ақпарат бар. Бұл нысан *Рабат Малик керуен сарайымен* қатар тұрған. Яғни Ұлы Жібек жолымен жүрген саудагерлер, жолаушылар, қажылар дәл осы жерде тоқтап, тынығып, су алған.



Көне Сардоба ғасырлар бойы керуендерге қызмет еткен тарихи жәдігер ретінде ерекше әсер қалдырды.



Бір аптаға созылған экспедициямыздың бағыты ежелгі әрі мәдениеті бай Ташкент қаласына табан тіреді. Сапар барысында қаланың тарихи-мәдени орындарын аралап, рухани мұрасымен жақынырақ таныстық. Соның ішінде Ислам өркениеті орталығына арнайы бардық. Бұл орталық әлемдегі ең ірі ислам өркениеті музейлерінің бірі ретінде танылып, Гиннестің рекордтар кітабының сертификатына ие болған.

Сонымен қатар, Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы қорында болып, түркі топонимдерін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныстық. Бұл ғылыми жұмыстар түркі халықтарының тарихи-географиялық атауларының қалыптасуы мен маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Осылайша, *Нөкіс – Ташкент – Алматы – Ақтау* бағытындағы, «Бармысың, баба жұрт!» атты далалық экспедициямыз өз мәресіне жетті.

Бұл сапар біз үшін тек ғылыми ізденіс қана емес, рухани жаңғыру сапары болды. Баба жұрттың әр тасы, әр төбесі, әрбір көне атауы біздің ортақ тарихымыздың үнсіз куәсі екенін терең сезіндік. Осындай экспедициялар арқылы өз тамырымызды тереңірек танып, өткенімізді құрметтеудің маңызын ұғынуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.



Қарақалпақстан өңіріндегі экспедициямызға үлкен қолдау көрсеткен Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының ғалымдарына, PhD Құттымұратова Рысты мен ф.ғ.д. Құрбанов Мұхтарға шынайы ризашылығымызды білдіреміз.





ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Якубовский А.Ю. Городище Миздахкан//Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее академии наук СССР, ТОМ V, 2024
2. Хиуа// <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B8%D1%83%D0%B0>
3. Шылпык// <https://yvision.kz/post/shylpyk-1008583>
4. Топырақ қала//<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D0%BE%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%BA-%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0>

